



Бекітемін
Бөбекжай
Балабақша меңгерушісі
Саутбекова
Ж.А.
2025 ж

«Құлыншак» ортаңғы тобы

Ата-аналармен өткізілетін жылдық жұмыс жоспары

Мақсаты: Ата-аналарды балабақша өмірімен таныстыру;
Отбасы мен балабақша арасындағы серіктестік қатынасты нығайту;
Баланың дамуында отбасының рөлі мен тәрбиешінің еңбегін үйлестіру.
Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшейте отырып,
отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттыру. Бала тәрбиесінде ата-ананың
алатын орнының ерекше екенін түсіндіру.

Р/с	Іс-шаралар тақырыбы	Өткізілу кезеңі	Жауапты
1	№1 «Бала біздің болашағымыз» атты ата-аналар жиналысы 1.Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орным» 2.Ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлау. 3. Күзгі жәрмеңке жайлы ақылдасу.	Қыркүйек	Әдіскер: Атыгаева А.Т Тәрбиеші: Баракова З.Н
2	1.Көңіл-көтеру тренингі 2.Сауалнама алу	Қазан	Тәрбиеші: Баракова З.Н
3	1.Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас Кеңес.	Қараша	Тәрбиеші: Баракова З.Н
4	№2 «Баланың бас ұстазы ата-ана» атты ата-аналар жиналысы. 1.Баяндама «Адалдықтың бастауы – отбасынан» 2.Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шараларымен таныстыру. 3. Ертеңгілікте берілетін сыйлықтар туралы келісім жасау.	Желтоқсан	Тәрбиеші: Баракова З.Н
5	1.Балалабақшаға уақытында келуін қадағалауын жән де	Қаңтар	Тәрбиеші: Баракова З.Н

	балабақшаға тыйым салынған заттар алып келмеуі жайлы әңгімелесу.		
6	Кеңес: «Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясының ерекшеліктері	Ақпан	Тәрбиеші: Баракова З.Н
7	№3 «Жақсы бала, ата-ана қуанышы» атты ата-аналар жиналысы. 1. Аналар мерекесі 2. Ұлыстың ұлы күні ертеңгілігі жайлы ақылдасу.	Наурыз	Тәрбиеші: Баракова З.Н
8	1. Сауалнама жүргізу «Сіз қандай ата-анасыз?»	Сәуір	Тәрбиеші: Баракова З.Н
9	Жылдың қорытындасы.	Мамыр	Тәрбиеші: Баракова З.Н

Тәрбиеші: Баракова З.Н

**№8 «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны
«Құлыншақ» отаңғы тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы №1**

Қатысқаны: 17

Қатыспағаны: 8

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Топтағы ата-аналарды бір-бірімен таныстыру.
2. Баяндама « Менің отбасым және ондағы менің орным»
3. Ата-аналар комитетінің мүшелеін сайлау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші З.Баракова сөз алды. Ендігі кезекте биылғы жаңадан жиналған топ болғандықтан оқу жылында ортаңғы топтардағы оқу стандартқа сай балаларға білім берілетіндігі жайлы айтып өтті. Жас ерекшелігіне сай балалармен жұмыс жүргізілетіні жайлы айтылды. З.Баракова «Менің отбасым және ондағы менің орным» тақырыбы бойынша баяндама оқыды. Бұл баяндаманың оқу мақсатында тәрбиенің ең тамаша ортасы отбасы, екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкүндіктерінің жоғары екенін ұқтыру, бала мен қарым-қатынасты жақсарту. Ата-анаға баланың жан дүниесін түсіне білуге кеңестер беру. Ұлттық тәрбиенің маңызы зор екенін айтып түсіндіру. Оқылған баяндама бойынша ата-аналардың пікірлері сұралды. Сөзге шыққан ата-ана Адишева Инкар баяндама мазмұнын дұрыс айтылғанын және өз пікірінде айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі З.Баракова топтағы балалардың тәртіптері мен тазалықтарына басты назар аударуларын сұрады. Балабақшаға келгенде міндетті түрде кюарды ата-аналарының өздері басып әкелулері керектігін айтты, баспаған жағдайда бала балабақшадан шығып қалатындығы туралы ескертті. Баланы тәрбиешіге өздері алып келіп табыстау керектігі жайлы айтылып өтілді. Алдағы мерекелерде балалардың киімдерінің реті болуын және үйге берілген тақпақтар мен тапсырмаларды уақытылы орындап отырулары керектігін қатаң түрде ескертті.

Үшінші мәселе бойынша топ тәрбиешісі балалар тізімін таныстырып ата-аналар комитетінің мүшелерін сайлауға шақырды. Ата-аналар бір ауыздан комитеттің төрайымы Адишева Инкар, көмекшілері Әнуарбекова Әдемі және Еликбаева Айгерім деп шешті.

Қаулы:

1. Ата-аналар мен тәрбиеші өздеріне қойылған таларты өз деңгейінде орындалсын.
2. Баяндама оқылды.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы Адишева Инкар болсын.

Төрайымы :

И.Адишева

Хатшы:

З.Баракоова

**№8 «Күншуақ» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны
«Құлыншақ» отаңғы тобының ата-ана комитеті туралы мағлұмат**

№	Аты-жөні	Байланыс телеф	Жұмыс орны
1	Адишева Инкар	87004443846	Жұмыссыз
2	Әнуарбекова Әдемі	87083057232	Жұмыссыз
3	Еликбаева Айгерім	87015030891	Жұмыссыз

Тәрбиеші: Баракова З.Н

Менің отбасым және ондағы менің орным
(Баяндама)

Мақсаты: Тәрбиенің ең тамаша ортасы отбасы, екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкүндіктерінің жоғары екенін ұқтыру, бала мен қарым-қатынасты жақсарту. Ата-анаға баланың жан дүниесін түсіне білуге кеңестер беру. Ұлттық тәрбиенің маңызы зор екенін айтып түсіндіру.

«Бала ойынына талаптар», «Бала дамуының көрсеткіштері» «Тіл дамыту негіздері». Жыл бойына жүргізілетін жоспарларды ата-аналар мен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі заман талабына са ата-аналар өзекті мәселелерді әр түрлі таөырыптарды өздері ұсына алады. Бүгінгі жас отбасылар-еліміздің ертенгі –рухани кемелденіу дәрежесіне жеті үшін ұлттық тәрбиенің де алар орны ерекше. Қзақстан мемлекеті үшін бар білімі мен қаабілетін сарап ететін, елін, туып өскен жерін, тілін, халқының тарихын, діні мен мәдениетін, жеке тұлға тәрбиелеу-жалпы жұртшылық әкімшіліктер мен білім беру мекемеледің басты міндеті. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қазақ халқына арналаған Жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық азамттарының отаншылдық сезімімен өз еліне деген сүйіспеншіліктерін дамытуға тиіспіз және оларды қалыптастыру басы міндеттеріміздің бірі.» деген сөзін басшылыққа ала отырып, балабақшада ата-аналардың қатысуы мен «Менің Қазақстаным» атты ұлттық тәрбие жұмысын жүргіздім. Мұндай шаралар аналардың және балалардың бойына жақсы қасиеттерді қалыптастырады. Балалардың шығармаларын шындай түсу мақсатында «Біз бақытты отбасы» атты сайысын көрсету, қол өнер шеберліктерін, сауалнамалар, тестілеу тапсырмаларын орындау сияқты кезеңдерінен өте отыра өз бағларын алды. Отбасында өсіп келе жатқан ұл қызға тәлім тәрбие беру мақсаты мен арнай ата -аналарды балалар мен балабақша ауласын көгалдандыру іс-шараларына қатыстыра отыра, қоршаған ортаға табиғатты сүйюге, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін арттырдық. Абай атамыздың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама» деген мақсаты мен ата-аналарды балаларды спорттық ойындар кешендеріне қатысуы жие жоспарланып отырады. Себебі ойындардың басты тәжірибелік мәні – болашақ ұрпақты жан-жақты дамытып, ой-өрісін өрбітеді. «Әек ем анам және мен» атты спорттық жарыс өткізіп, ата-анамен балабақшаны бір-біріне жақындастырып, қиыншылықты бірге жеңіп, табысқа жетуге баулиды. Отбасы педагогикалық процеске тарту, тәрбиеші жеке басына құрметтеп, сенімен қарауға итермелейді. Осы тұрғыда балалардың ата-аналарының үйлеріне бару, бұл мақсатта әр түрлі болуы мүмкін. Тәрбиешінің отбасына баруы, ата-аналарда тәрбиешінің жеке басы туралы көз қарастарын, оның балаларының қарым – қатынас тәсілдері мен әдістері жайлы түсініктерін қалыптастырады. Тәрбиеші соны мен қатар ата-аналардың нені қадірлейтінін, өмір жағыдайы психологиялық ахуалы туралы мәлімет алады. Осы мақсатта ата-аналарды топ өміріне тартып, әр түрлі бірлескен іс-әрекеттер түрлерін, мерекелер мен

сауық кештерінің ұйымдастырылуы қажет .Толық емес от басында тәрбиеленіп жатқан балаларға ата-аналардың толық мүмкіншіліктері жетпей жатқанда ,қаржы мәселесін тұрмыстық мәселенің шешуін таба алмай,еңселері түсіп жүрген ата-аналарға психологиялық тұрғыдан көмек болатындай баяндамалар кеңестер ұсынамын.Бұл отбасылардың өмірдің бастарына түсірген тауқыметіне қарсы тұра алатындай өмірге тез бейімделіп кетуіне себеп болады.Ұжымымызда әлеуметік жағыдайы төмен көп балалы отбасына көмек ұйымдастырылады. «Қайырымды болсаң өзгеге,шапағаты тиер өзіңе»акция ұйымдастырылды.Отбасы мен балабақша –бұл екі тәрбиелік феномен .Әрқайсының әлеуметтік тәжірибесі балаға берері бөлек ,алайда екеуінің үйлесімділігі кішкентай баланың үлкен өмірге ыңғайлы ықпал жасайды.Ата-аналар және балабақшаның өз ара қарым –қатынасының бірден қалыптасу сирек кездеседі.Бұл ұзақ мерзімді процесс ,тандалған мақсаты ұдай зерттеуі,шыдамдылықты талап етуші ,ұзақ еңбекті қажет ететін еңбек.Сондықтан ұйымның өзара қарым-қатынасы өте қиын жұмыс.Оның нәтежиесі педагогтың шыдамдылығы мен талапшылдығы мен оның отбасында кәсіби көмекші болу іскерлігі мен анықталады.Барлық бұл әрекеттер әрбір баланың ойлау және танымдылық қасиеттерін шығармашылық қасиеттерін, ең басты,оны жеке тұлға ретінде қалыптастыруға бағытталады . Осы баяндаманы аяқтай отыра,Ғабиден Мұстафин(Балаға сіңірген ата-ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды,ол өл -өлгенше суынбайтын махаббат»делінген. Менің ойымша ,баланың болашағына толғанар ел ,ойланар отбасы қалыптасса ғана ,елдің болашағы зор болмақ.Ата-аналардың оқу мен тәрбие үрдісіндегі ынтымақтастық пен бірлескен жұмысы жан-жақты болса ғана жемісті болады

Тәрбиеші: Баракова З.Н

Жиналыс тақырыбы
«Бала – біздің болашағымыз»

Мақсаты:

Ата-аналарға баланың дамуы мен тәрбиесінде отбасының рөлін түсіндіру
Баланың тұлғалық қалыптасуына бірлесіп ықпал ету жолдарын ұсыну
Ата-ана мен тәрбиеші арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайту

1. Кіріспе бөлім

1. Ата-аналармен амандасу (Тренинг)

2. Биылғы оқу жылымен таныстыру.

2. Додекаэдр мен тренинг

3. Баяндама «Менің отбасым және ондағы менің орным»

4. Ашық есік күнін ұйымдастыру.

«Сабан той» жәрменкесі

Сәлемдесу мен тақырыпқа кіріспе сөзі:

Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі жиналысымыздың тақырыбы – «Бала – біздің болашағымыз».

Бұл жай ғана әдемі сөз емес. Расында, бала – әр отбасының ғана емес, тұтас ұлттың, елдің болашағы. Сондықтан оны тәрбиелеу – ең жауапты әрі маңызды міндет. Бүгін біз сіздермен осы тақырып аясында ой бөлісіп, тәрбиенің тиімді жолдарын бірге қарастырамыз.

2. Негізгі бөлім

1. Ата-аналармен смайликегі көңіл күймен кіреді.

Биылғы оқу жылындағы жоспарлармен таныстыру, үлгілік стандартқа сай жұмыс жүргізілетіндігін атап өту. Осыған байланысты ата-аналарда өз тараптарынан қолдап екі жақты жұмыс жүргізуге шақыру. Әр ананың өз баласының бойындағы қасиеттерін білу мақсатында сұрақ қою.

. Бала – отбасының айнасы атты аналармен сұрақ жауап.

Баланың мінезі, сөзі, әдеттері – отбасыдан қалыптасады

Үлкендердің қарым-қатынасы балаға тікелей әсер етеді

«Не айтпайсың, не істейсің – бәрі балаға сабақ»

Сұрақ:

– Балаңыздың қандай жақсы қасиеттері сізге ұқсайды деп ойлайсыз?

Тәрбиедегі ата-ананың рөлі

Тәрбие тек балабақшада ғана емес, күнделікті өмірде жүреді

Ата-ана – баланың алғашқы ұстазы

«Айтқанды емес, көрсеткенді қайталайды» дегенді ұмытпау керек

Ата-аналарды шеңберге тұруларын сұрау арқылы, додекаэдр мен тренинг өткізу. Әр ананың пікірлері мен ойларын және балабақшаға деген ұсыныстарын білу.

Баяндама «Адалдықтың бастауы – отбасыдан» атты баяндамамен таныстыру, пікірлерін сұрау

Ата-аналарға кеңес:

3–6 жас – баланың танымдық, психологиялық, әлеуметтік дамуы үшін маңызды

Осы кезеңде берілген тәрбие – бүкіл өмірге әсер етеді

Баланың қабілетін ашу үшін – ойын, шығармашылық, сөйлесу, қолдау керек

Балаға не керек?

Сүйіспеншілік

Қауіпсіз орта

Түсіністік пен қолдау

Бірге өткізілген сапалы уақыт

Әділдік пен сенім

Тапсырма:

«Балаңызға бүгін қандай жылы сөз айттыңыз? Соңғы рет қашан онымен 15 минут еш алаңсыз бірге ойнадыңыз?»

Сұрақ-жауап, пікір алмасу

Ата-аналар өз тәжірибелерімен бөліседі

Тәрбиеші нақты жағдайларға байланысты кеңестер береді

Балабақшамызда «Сабан той» жәрменкесі өтетінін хабарлау. Жәрменкеге не істеу керек топ атынан түсіндіріп өту. Жәрменкеге әкелген әр заттарын безендіріп қою керектігін түсіндіру. Бағасын қымбат емес арзан бағада сатуларын ескерту. Ұйымдастыру жұмыстарына 5-6 ата-аналардың қатысуы керек.

4. Қорытынды бөлім

Бала – біздің болашағымыз ғана емес, бүгінгі бақытымыз.

Оған қандай қарым-қатынас жасасақ, ертең сондай етіп көретін боламыз.

Баланы жақсы көру – оған лайықты тәрбие беру, дұрыс бағыт көрсету.

Бірігіп, болашаққа сенімді, тәрбиелі ұрпақ өсірейік!